Бүкіл ақша айналымы шаруашылығы байланыстары кешенінің шеңберінде, ақша қозғалысының жекелеген секторлары бойынша өзіндік ерекшелікке байланысты және қоғамдық өнім қозғалыстары кезеңінде, өндірістік және өндірістік емес саланың ақша айналымы, тұтынушылар секторының, мемлекеттік қаржы жүйесінің және несиелік жүйесінің айналымы бөлінеді, сөйтіп, ақшалай есеп айырысу, эмиссиондық және несиелік қатынастарды біріктіретін, айқындайтын көрсеткіштер кешені тізіліп, банк жүйесін басқару объектісі тұтастай құрылады.

Ақша функциясының ерекшелігінен және төлем әдістерінен қолма-қол ақшалай емес және қолма-қол ақша айналымы туындайды.

Ақша айналымының негізгі бөлігін қолма-қол емес айналым құрайды. Кәсіпорындар мен ұйымдардың бір-бірімен, несиелік мекемелермен және қаржы органдарымен есеп айырысуы қолма-қол ақшасыз, яғни, клиенттердің банктердегі есептерінің жазбасы бойынша және өзара талаптарына сәйкес есеп алу арқылы жүзеге асырылады.

Қолма-қол айналым қолма-қол ақшамен жүргізілген төлем жиынтығын көрсетеді. Егер қолма-қол ақшасыз айналымда ақша төлем құралы функциясында пайдаланылса, қолма-қол айналымда – айналым және төлем құралы болып саналады.

Төлем айналымы деп – ақша айналымында ақшаның төлем құралы ретінде ғана жүретінін ескеру керек, демек төлем айналымының құрамдас элементі қолма-қол ақшасыз айналым және ақшаның төлем құралы функциясын орындайтын қолма-қол айналым бөлігі болып табылады.

Сөйтіп, төлем айналымы тек қана ақша айналымының бөлігі болып табылады, ал қолма-қол ақшасыз айналым – бұл төлем айналымының бөлігі.

Жоғарыда аталған жайларды есепке алып, мынандай анықтама беруге болады: ақша айналымы – бұл ақша қозғалысының қолма-қол және қолма-қолсыз түрлеріндегі жиынтығы, ол қоғамдық өндіріс өнімі процессінің арасындағы айналым және төлем

күралдарының функциялары.

Ақша айналымын тиімді ұйымдастыру оның белгілі аз ақша қаржы сомасымен абсолютті өсуін қамтамасыз етуге қол жеткізеді. Мұндай мақсатқа ақша қаржыларының айналымын жеделдету арқылы да жетуге болады, мұнда шаруашылық органдары мен халық арасындағы есеп айырысуды жеделдетудің ерекше маңызы бар.

Есеп айырысу көмегімен авансқа ақша түрінде берілген қаржының өндірістік запасқа айналуы аяқталып, түсімді ақшалай алуға болады. Осылайша, есеп айырысу қаражат айналымы шеңберінің басты буыны болады, ал олардың өз уақытында орындалуы өндіріс процесін үздіксіз жаңартудың қажетті шарты ретінде қызмет етеді.

Клиенттерді есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету барысында және төлем жасау нәтижесінде банктер корреспонденттік деп аталатын өзара есептік қатынасқа енеді.

Коммерциялық банк Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі алдында әлемдік жетістіктер талаптарына сай, банк аралық есеп айырысудың өте тиімді жалпы мемлекеттік жүйесін құру міндеті тұр. Осыған байланысты банктерді бір-біріне бастапқы құжаттар жолдаудан босататын электронды төлемді ұйымдастыру алдыңғы орынға шығып келеді [1]. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі жанынан әр түрлі клирингтік құрылымдардың құрылуы, сондай-ақ коммерциялық банктер арасында тікелей есеп айырысудың енгізілуі көп жұмысты жеңілдетіп, тездетті.


Қазақстан экономикасының нарыққа көшуі елімізде коммерциялық банктер қызметінің жаңа кезеңін ашып берді. Сөйтіп, еліміздің банк жүйесін дамыту мақсатында бірнеше реформалар жүргізілді. Осындай нәтижелі жүзеге асырылған іс-шаралар шеңберінде коммерциялық банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі алдында әлемдік жетістіктер талаптарына сай, банкаралық есеп айырысудың өте тиімді жалпы мемлекеттік жүйесін құру міндеті тұрды. Осыған байланысты банктерді бір-біріне бастапқы құжаттар жолдаудан босататын электронды төлемді ұйымдастыру алдыңғы орынға шығып келеді.

Қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі, сонымен қатар соңғы он жылда біздің еліміздің банк жүйесінде, соның ішінде банкаралық қатынастарда қолма-қолсыз ақша айналымын ұйымдастыруда және оның технологиясында түбегейлі және елеулі өзгерістер болды. Қазіргі таңда қолма-қолсыз төлемдер негізінен қағаз түріндегі құжаттар айналымын және қол еңбегін ығыстыра отырып, электронды технологияда бірнеше сағаттарда жүргізіледі. Нақты айтқанда, өткен ғасырдың соңғы жылдары төлемдер кем дегенде бір апта бойы жасалды және міндетті түрде қағаздық технология қолданылды. Ал, қазіргі кезде банктік жүйеде 5-10 минутта, тіпті бірнеше секундта төлемдерді аударуға толық мүмкіншілік болып отыр.

Бүгінде қазақстанның төлем жүйесінің негізі банкаралық ақша аудару жүйесі және автоматтандырылған бөлшек төлемдер жүйесі болып табылады. Ел банктерінің шығарған пластикалық карточкалары үш жарым миллион данаға жетті, яғни экономикалық белсенді халықтың төрттен бірінің төлем карточкалары бар. Ұлттық банкаралық төлем карточкалар жүйесін құру бағдарламасы қабылданды және ол халыққа қызмет көрсетуде электрондық ақша қолдану арқылы біркелкі төлем

кеңістігін құруға жағдай жасайды. Осындай межелі нәтижеге жеткізген қаржы секторындағы реформалар мемлекеттік саясаттың дұрыстығын айғақтайды.

Толық ұғым болуы үшін электрондық ақшаны шығару және пайдалану тетігінің өзін практикалық мысалда қарастырсақ.



Ақпарат көзі: ғылыми-зерттеу нәтижесінде автормен құрастырылған.

Сурет. Электрондық ақшаның «желілік» жүйесінің жұмыс істеу моделі

Жалпы, ақшалай есеп айырысудың негізгі түрі ақшасыз есеп айырысу болып табылады [2]. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға қарағанда қолма-қол ақшамен есептеу жиі кездеседі. Егер шарт жасаушы субъектілердің біріне өз банкісінен қолма-қол ақша алу қажет болса, онда екінші субъект шартты кейін өткізуі керек. Мұндай жағдайда есеп айырысулар мен шарттар тез жүзеге асады, банкіге қайта – қайта барудың жиі байланысып тұрудың еш қажеті болмайды. Егер төлем жүйелері өздерінің төлем қызметінде үлестерін төлемнің орташа есебінен кеңейткілері келсе, онда банк клиент қатынасындағы ұсталымдар мәселесін шешуі керек.

Телекоммуникация мен компьютер негізінде клиенттерге қашықтықтан қызмет көрсету түрі пайда болды. Банкаралық хабарламалар енді телекоммуникациялар арқылы беріліп, компьютер дисплейінде көрінді, пошталық және телеграфтық авизонды электронды авизо алмастырады. Көтерме жүйеде банкілердің кең тараған

түрі клиент – банк, интернет – банк және телебанк болып табылады.

Қазіргі заманға сай екінші деңгейлі банктердің бәсекелестігі даму үстінде, сонымен қатар банктердегі ақша аударымдарының әртүрлілігі, қолайлылығы, тиімділігі жағынан алдыңғы қатарда деп айтуға болады, себебі әр банк өз рейтингін жоғарылатуда банк қызметін барынша тез, әрі сапалы түрде көрсетуге ұмтылады. Осыған сәйкес, еліміздегі банкаралық есеп айырысу мен ақша аудару жүйесін дамыту бойынша сараптаулар мен талдауларды, әдіснамалық тәсілдерді, озық тәжірибелерді, және басқа да тетіктерді зерттеу мен оған ғылыми негізделген ұсыныстар жасау айырықша көкейтестілікке ие.

Сондықтан да, аталған мақаланың мақсатына сәйкес келесідей міндеттерді шешу жолдары қарастырылған:

- банкаралық есеп айырысуларды ұйымдастырудың ғылыми және тәжірибелік негізін теориялық тұрғыдан сипаттау;
- экономикалық нарық жағдайындағы коммерциялық банктің ақша аудару қызметтерін талқылау;
- банкаралық есеп айырысу қатынастарының өзіндік ерекшеліктерін қарастыру;
- нарық жағдайындағы банкаралық ақша аудару жүйесінің қызмет ету негіздерін ашып көрсету;
- банкаралық қатынас жүйесіндегі реттеуді қажет ететін мәселелерге байланысты ұсыныстар жасау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы.
- 2 Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі. №548-ІІ 24. 04. 2004.
- 3 Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-ІV Бюджет кодексі. *(Өзгерістер мен толықтырулар 03.07.2019 ж.)*
- 4 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы *2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-ІV ҚР Заңы.*
- 5 «Қазақстан Республикасы төлем жүйелерінің 2018 жылғы қаржы жылын аяқтау бойынша жұмысын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылы 22 желтоқсандағы №139 Қаулысы.
- 6 «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің регламенті туралы» ҚРҰБ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 23 маусымдағы №109 Қаулысы.
- 7 «Банкаралық клирингті жүзеге асыратын клиринг ұйымдарының күнделікті есеп жасау және беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы.
- 8 www.kase.kz. ҚБЕО БААЖ туралы ақпарат
- 9 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 30.03.1995 жыл (01.01.2020 жылғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

- 10 Усипов Л.Б. Қазақстан Республикасының банк құқығы: Оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2019.
- 11 Еркінбекова М. Қарыз алушылармен қарым-қатынас: Оқулық – Алматы: Экономика, 2019.
- 12 Банки Казахстана// Некоторые предложения методов управления активами и пассивами в коммерческих банках РК. №9. 2018.

*Иманбаева З.Ө. ассоциированный
профессор (доцент), к.э.н.¹.
Барышева Ж.Б. магистр¹
Есенгали А.А, магистрант¹
¹Байшев Университет*

ФОРМИРОВАНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ПЛАТЕЖНОЙ СИСТЕМЫ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В условиях динамичного развития современных рыночных отношений банки все больше становились монополистами и располагали всеми финансовыми капиталами. Также они выходят из сферы посреднической деятельности и проникают в поле всех фаз вторичного производства. В этой связи банки становятся центрами хозяйственной жизни, основным узлом всех отраслей экономики.

Следует учитывать, что платежным обращением является то, что деньги в денежном обращении находятся исключительно в качестве платежного средства, то есть составным элементом платежного оборота является часть наличного оборота, выполняющая функцию безналичного оборота и платежного инструмента денег.

В настоящее время происходит постепенное внедрение и развитие сферы предпринимательской деятельности рынка цифровых товаров на основе использования интернета и мобильной коммерции. Постепенно увеличивается количество пользователей, производящих ежедневные розничные платежные операции, а также субъектов торговой деятельности, оказывающих свою деятельность исключительно на рынке цифровых товаров.

В целом в связи со становлением и развитием электронной торговли в Казахстане дальнейшее развитие получит система электронных денег. Так, в Казахстане сегодня одним из главных вопросов является развитие инфраструктуры по организации и ведению электронной торговли.

Ключевые слова: *Банковская система, платежная система, наличность, система крупных платежей, межбанковская система переводов денег, розничная платежная система*

*Candidate of Economic Sciences,
associate professor Imanbayeva Z.O.¹*

*Master, Senior lecturer Barysheva ZH.B.¹,
graduate student Esengali A.A.¹
¹Baishev University*

FORMATION AND DEVELOPMENT PROSPECTS OF THE PAYMENT SYSTEM IN KAZAKHSTAN

Abstract

In the context of the dynamic development of modern market relations the banks have increasingly become a monopoly and had all the financial capital. They also leave the sphere of intermediary activity and enter the field of all phases of secondary production. In this regard, banks are becoming the centers of economic life, the main node of all sectors of the economy.

Note that the payment handling is that the money in monetary circulation are solely as a means of payment, it is an integral element of the payment transaction is part cash flow, performing the function of non-cash turnover and the payment instrument of money.

Currently, there is a gradual introduction and development of the business sphere of the digital goods market based on the use of the Internet and mobile Commerce. The number of users who perform daily retail payment operations, as well as trade entities that operate exclusively on the digital goods market, is gradually increasing.

In General, due to the establishment and development of e-Commerce in Kazakhstan, the e-money system will be further developed. So, in Kazakhstan today, one of the main issues is the development of infrastructure for the organization and conduct of electronic Commerce.

Keywords: *Banking system, payment system, cash, large payments system, interbank money transfer system, retail payment system*

МРНТИ: 06.73.55

*Оспанова А.¹, Мусиров Г.М.¹, Калденова Г.С.¹
¹Байшев Университет*

ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДЕГІ ДЕПОЗИТТІК ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫН ТАЛДАУ

Аннотация

Депозиттік нарық елдің қаржы нарығының ең серпінді дамып келе жатқан сегменттерінің бірі болып табылады. Несиеге деген сұраныс жоғары болған сайын, банктің ресурстық базаны, оның ішінде депозиттерді кеңейтуге деген қажеттілігі де жоғары болады. Депозиттердің азаюын болдырмау үшін банк клиенттердің сенімін қамтамасыз ете отырып, өзінің өтімділігін қолдауы тиіс.

Мақалада екінші деңгейдегі банктердің депозиттік операциялары туралы мәселелер қарастырылады. Депозиттік шоттар әр түрлі болуы мүмкін, оларды жіктеу

салым көздері, олардың мақсаты, кірістілік дәрежесі сияқты өлшемдерге негізделген. Негізгі назар критерийлерді, мақсаттар мен міндеттерді анықтауға бағытталған.

Кілт сөздер: *депозит, мерзімді салымдар, мерзімсіз салымдар, жинақ салымдары, депозиттік база, пруденциалдық норматив*

Қазақстан Республикасының «Банктер және банк қызметі туралы» Заңында депозиттің анықтамасы былай деп берілген – бұл бір тұлғаның (депозитордың) басқа тұлғаға – банкке (оның ішінде Ұлттық банкке) бірінші талап бойынша немесе қандай да бір мерзімнен кейін қайтарылуы тиіс пе, тиіс емес пе, оған қарамастан толығымен немесе бөлшектеліп, алдын ала айтылған үстеме ақымен немесе онсыз, тікелей депозиторға немесе оның тапсырысы бойынша үшінші тұлғаға ұлттық мәнде қайтарылу талаптарымен берілген ақшасы.

Демек, депозиттік нарық – салымдар және депозиттер нарығы – халықтың ақша қаражатын пайда табу мақсатымен белгілі талаптармен әртүрлі қаржы мекемелеріне салу жөніндегі экономикалық қатынастар саласын көрсетеді.

Депозиттік операциялар – банктердің ақша қаражатын салымдарға (пассивтік депозиттерге) тарту немесе иеліктерінде бар қаражатты басқа банктерге немесе кредиттік-қаржы институттарына (активті депозиттер) орналастыру.

Нарықтық қатынастар жағдайында депозиттік банк мекемелерінің ролі өсе түседі. Бұл операциялардың есебін және ұйымдастырылуын дұрыс және тиімді жүргізу банк қызметінің коммерциялық мақсатпен пайда табуын қамтамасыз ету үшін қажет.

Қазіргі таңда барлық коммерциялық банктер әртүрлі жағдайлы депозиттерді ұсынуда. Бұлардың ішінен әр салымшы өз қалағандарын таңдауға құқылы. Бірақ бұлардың бәріне қарамастан депозиттерді негізгі үш топқа бөлуге болады: біріншіден, бұл нақты мерзімі жоқ және кез-келген уақытта жоғалтусыз салымдарды алуға болатын ізденді депозиттер; екіншіден жоғары пайызбен нақты мерзімге салынған ақшалар яғни, мерзімді депозиттер; ал үшіншіден алдын ала келісілген мерзім туған жағдайда алуға болатын шартталған депозиттер.

Коммерциялық банктер өздерінің қызметтерін қамтамасыз ету үшін нақты ресурстық базаны иелену керек. Өйткені банктер өздерінің күнделікті қызметтері үшін бірнеше шарттардың орындалуын қамтамасыз етеді, олар мемлекеттік белгімен нормативтерін жоғары деңгейде ұстану, соның ішінде банк өтімділігін, капиталдың жеткіліктілігін, барлық клиенттерді көптеп өзіне тарту, алғашқы талап етуден-ақ өздерінің міндеттемелері бойынша жауап беру және ең маңыздысы несиенен сұранымды қанағаттандыру.

Көп банктердің кірісінің 50 пайызын депозиттер құрайды, ал депозиттер пассивтік операциялардың негізгісі.

Бүгінгі таңда коммерциялық банктердегі депозиттер өзекті тақырып болып табылады, себебі депозиттік салымдар арқылы банк пайда алуды көздейді.

Депозиттер тарту, халықтың көңілін салымдарға аудару негізгі мақсаттардың бірі. Себебі бұл арқылы пайданы тек банк қана көрмейді, сонымен қатар, бүкіл

еліміздің экономика секторларына әсерін тигізеді.


Депозиттік есепшоттар әртүрлі болуы мүмкін, және олардың жіктелуінің негізінде салымдар көздері, оларды мақсатты пайдалану, табыс табу дәрежесі және т.б. критерийлер жатыр. Ең көп қолданылатындары төменде келтірілген.

Салымдар санаттарына орай депозиттер былай бөлінеді:

- заңды тұлғалардың (кәсіпорындардың, ұйымдардың, банктердің және б.) депозиттері

- жеке тұлғалардың депозиттері.

Қазақстанда 2018 жылдың қазан айынан бастап жаңа депозиттік жіктелім – мерзімсіз, мерзімді және жинақ салымдар қолданылады.



Сурет 1. Депозиттердің жіктелуі

Ескерту: автормен құрастырылған

Мерзімсіз салым – бұл ең үйреншікті депозит: банк салымы шартының қолданылу мерзімі салымшыға шотынан ақша алу жөнінде ешқандай шектеу

қоймайды: ол ақшасын кез келген сәтте пайдалана алады. Бұл ретте салым бойынша сыйақы жоғалмайды.

2019 жылдың қыркүйегінен бастап мерзімсіз салымдар бойынша ұсынылатын ең жоғары мөлшерлеме Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі негізінде есептеледі. Ал бір жылдан жоғары мерзімге қабылданатын мерзімді және жинақ салымдар бойынша ұсынылатын ең жоғары сыйақы мөлшерлемелері бәсекелі нарықта қалыптасқан сыйақы мөлшерлемелері негізінде есептеледі. Сондықтан бұл салымдар бойынша табыстылық жоғары.

Мерзімді салым мерзімсіз салымға қарағанда едәуір жоғары табыстылық алуға, ал жинақ салым ең жоғары табыстылық алуға бағытталған. Бұл жерде көтеріңкі сыйақы мөлшерлемесін – ақшаны мерзімінен бұрын алуға қойылған шектеу үшін берілетін өтемақы деп қабылдаған жөн.

Мерзімді салымдар бойынша ақшаны мерзімінен бұрын жартылай және толық көлемде алуға мүмкіндік беріледі. Бірақ бұл жағдайда сыйақы көлемі азайтылады.


Жинақ салымдар бойынша мерзімінен бұрын жартылай алуға жол берілмейді. Тек толығымен алуға болады. Салымды мерзімінен бұрын алу барысында банк есептелген сыйақыны жылына 0,1 немесе одан да төмен пайызға азайтады. Ал ақша салымшыға тек 30 күннен кейін ғана беріледі. Сондықтан жинақ салым оған салынған ақшаны мерзімінен бұрын пайдаланбайтындығына сенімді салымшылар үшін өте тиімді. Бұл салым ақшаны көтеріңкі мөлшерлемелер және пайыздардың капиталдануы есебінен тез жинауға және жинақ ақшаға жоғары табыс алуға мүмкіндік береді.

2019 жылдың үшінші тоқсаны жеке тұлғалардың салымдарының тоқсан бойы бақыланған өсуімен байқалды. Депозиттік базаның жалпы көлемі 2019 жылдың 1 қазанында жыл басындағы деңгейге жетіп қана қоймай, одан асып түсіп (күрт өсуден кейінгі депозиттер көлемінің едәуір төмендеуі байқалған кез) 8,8 трлн. теңгеге жетті (3-сурет).

Қарастырылып отырған тоқсанда жеке тұлғалардың салымдары 1,4% немесе 121,4 млрд. теңгеге өсті. Бір жыл ішінде, яғни 2018 жылдың қыркүйегінен 2019 жылдың қыркүйегіне дейінгі аралықта өсім 353,5 млрд. теңгені немесе 4,2%-ды құрады. Жеке тұлғалардың шоттарының саны 65 млн. шотқа дейін өсіп, тоқсандағы өсім 4,4%-ды құрады (2-сурет).


Жеке тұлғалардың депозиттерінің өсуі депозиттік базаның теңгелік бөлігінің өсуіне байланысты болды.

2019 жылдың үшінші тоқсанында теңгедегі депозиттер 4,2%-ға немесе 198,3 млрд теңгеге өсті (6-сурет). Теңгедегі депозиттердің өсуіне негізінен мерзімсіз депозиттердің (+85,3 млрд. теңге) және жинақ депозиттерінің (+74,3 млрд. теңге) ұлғаюы әсер етті. Тоқсанның аяғында теңгедегі депозиттердің жалпы көлемі 4,9 трлн. теңгені құрады.



Сурет 2. Жеке тұлғалар депозиттерінің динамикасы

Дерек көзі: ҚР ҰБ мәліметтері негізінде автормен құрастырылған.



Сурет 3. Валюта бөлінісіндегі депозиттердің динамикасы

Дерек көзі: ҚР ҰБ мәліметтері негізінде автормен құрастырылған.

Халық арасындағы девальвациялық күтулердің үшінші тоқсанның аяғына қарай салыстырмалы төмендеуіне байланысты валюталық салымдарды теңгеге қайта айырбастау байқалды. Нәтижесінде қарастырылып отырған кезеңде валюталық салымдар 76,8 млрд. теңгеге немесе 1,9%-ға төмендеп, 3,9 трлн. теңгені құрады. Валюталық қайта бағалауды есепке алмағанда, валюталық салымдардың төмендеуі 154,9 млрд. теңгені құрады.



Сурет 4. Депозиттердің өсуіне компоненттердің үлесі


Дерек көзі: ҚР ҰБ мәліметтері негізінде автормен құрастырылған.

Жалпы алғанда жыл басынан жеке тұлғалар салымдарының оң өсу қарқыны байқалады, бұл ішінара маусымдық факторға байланысты: жылдың аяғында халықтың жинақтау белсенділігі артады.

Валюталық депозиттердің теңгеге айырбасталуы негізінен ірі депозиттер сегментінде орын алды.

Ірі салымшылардың теңгелік депозиттерді таңдауына әсер еткен фактор – теңгедегі салымдар бойынша неғұрлым қолайлы шарттар. Осылайша, теңгедегі ұзақ мерзімді жинақ салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелері 14%-ға дейін жетуі мүмкін. Бір жылдан жоғары мерзімдегі шетел валютасындағы жинақ салымдар бойынша кірістілік 2%-дан аспайды.

Көпшілік сегментте валюталық салымдардың теңгеге көшуі шамалы болды және жалпы алғанда 9,7 млрд. теңгені құрады.




Сурет 5. 2019 жылғы 3-тоқсандағы депозиттердің түсімі/ жылыстауы

Дерек көзі: ҚР ҰБ мәліметтері негізінде автормен құрастырылған.

2018 жылдың соңында басталған шетел валютасындағы салымдардың азаюы осы күнге дейін жалғасуда, бірақ аз мөлшерде.

Валюталық салымдардың азаюы депозиттік базаның жоғары долларлану деңгейі сақталған банктерде байқалады.

Ірі валюталық салымдардың негізгі көлемінің өтеу мерзімдері (жоғары сыйақы мөлшерлемелер кезеңінде бекітілген) 2021 жылдың аяғына дейін біркелкі таралғанын ескерсек, валюталық депозиттердің азаюы болашақта жалғасуы мүмкін, бірақ банк секторының тұрақтылығына әсер етпейтіндей аз мөлшерде.



Сурет 6. Тенгедегі және шетел валютасындағы депозиттердің түсімі/ жылыстауы

Дерек көзі: ҚР ҰБ мәліметтері негізінде автормен құрастырылған.

Ұлттық валютадағы депозиттер:

- Көпшілік сегмент – 20 млн. теңгеге дейінгі қалдықтары бар депозиттер
- Ортаңғы сегмент – 20-50 млн. теңгеге дейінгі қалдықтары бар депозиттер
- Ірі сегмент – 50 млн. теңгеден асатын қалдықтары бар депозиттер

Теңгедегі депозиттер үшінші тоқсанда 198,3 млрд. теңгеге немесе 4,2%-ға өсті.

Тек 2019 жылдың тамыз айында 18,1 млрд. теңге мөлшерінде теңгедегі депозиттердің шамалы азаюы байқалды.

Қарастырылып отырған тоқсанда теңгедегі депозиттердің негізгі түсімі 2019 жылдың қыркүйегіне келді, өсім 127 млрд. теңгені құрады.

Банк секторы қор тұрақтылығының негізін жинақ және мерзімді салымдар құрайды. Осыдан тура бір жыл бұрын, дәлірек айтқанда, 2018 жылдың 1 қазанынан бастап осы салымдарды қосқанда теңгедегі депозиттердің жана желісі іске қосылды, ал 2019 жылдың 1 маусымынан бастап банктер жинақ және мерзімді салымдарды шетел валютасында ұсына бастады.

Депозиттік базаның 84%-ын 1 жыл және одан жоғары мерзімдегі депозиттер құрайды, дегенмен бұл депозиттердің басым көпшілігі іс жүзінде мерзімсіз болып табылады және салымшы кез келген уақытта ешқандай шектеусіз алуы мүмкін.

Алайда теңгедегі депозиттердің жалпы көлеміндегі жинақ және мерзімді депозиттердің үлесі артып келеді және үшінші тоқсанның аяғында ол 5,5%-ға жетті. Осы жылдың басынан бұл салымдардың үлесі 1,9%-дан 3 есеге жуық өсті.

Тұрақты депозиттердің негізін дәл осы жинақ салымдар құрайды. Мерзімді салымдардың көлемі біртіндеп азайып келеді және тоқсанның басынан бастап олар 6,7%-ға төмендеп, 53,7 млрд. теңгені құрады.

Жинақ салымдарының керісінше халық арасында танымалдылығы артуда және бүгінгі күні олардың көлемі 216,5 млрд. теңгеге жетті (52,6 мың шот). Тоқсан ішінде жинақ салымдарының көлемі 74,3 млрд. теңгеге немесе 52,3%-ға ұлғайды. Жинақ салымдарының өсу қарқыны жоғары деңгейде сақталуда.

Мерзімді салымдар негізінен толтыру құқығы бар салымдармен ұсынылған - 85%, ал жинақ депозиттер, керісінше, толтыру құқығынсыз депозиттермен ұсынылған - 90%. Тұрақты салымдардың 93%-ы бір жылдан астам мерзімге салынған.

Халық 2019 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 110 млрд теңгені құрайтын шетел валютасындағы мерзімді салымдарға көбірек қызығушылық танытады. Үшінші тоқсанның нәтижелері бойынша шетел валютасындағы жинақ депозиттер 87,9 млрд. теңгеге жетті. Шетел валютасындағы жинақ пен мерзімді салымдардың басым көпшілігі (99%) бір жылға немесе одан да көп мерзімге ашылған.

Бүгінгі күні қазақстандық банктердің ресурстарын басқару жүйесі мынадай элементтер есебінен жетілдіруді қажет етеді: депозиттік операциялармен байланысты тәуекелдің түрлерін бағалауды жетілдіру. Банктің ақпараттық базасына қойылатын талаптарды күшейту, депозиттік операциялар бойынша жүргізілетін депозиттік саясатты оңтайландыру.

Коммерциялық банктер депозиттер бойынша туындайтын тәуекелдерді бағалау барысында сандық және сапалық бағалау әдістерін пайдалануға тиіс. Сандық және

сапалық бағалауда құрылымдық талдау, ҚҰБ пруденциялық нормативтік коэффициенттерін пайдалану, депозиттердің тұрақтылығын бағалау, факторлық талдау, ақша ағымын талдау әдістерін пайдаланумен қатар, депозиттік операциялар бойынша тәуекелдерді кешенді түрде бағалауға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамсыздандырулар жасауы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мүсіров Ғ.М. Ақша, несие, банктер: оқу құралы./Мүсіров Ғ.М., Бұхарбаев Ш.М., Калденова Г.С. – Ақтобе: С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, 2017. – 388 б.
2. С.Б.Мақыш, А.Ә.Ілияс. Банк ісі. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
3. ҚР ҰБ арнайы сайты www.nationalbank.kz
4. <https://kdif.kz>

АНАЛИЗ ДИНАМИКИ РАЗВИТИЯ ДЕПОЗИТНЫХ ОПЕРАЦИЙ В БАНКАХ ВТОРОГО УРОВНЯ

*Оспанова А¹, Мусиров Г.М.¹, Калденова Г.С.¹
¹Байшев Университет*

АННОТАЦИЯ

Депозитный рынок остается одним из самых динамично развивающихся сегментов финансового рынка страны. Чем выше спрос на кредит, тем больше потребность банка в расширении ресурсной базы, в том числе депозитов. Во избежание оттока депозитов банк должен поддержать свою ликвидность, обеспечивая доверие клиентов.

В данной статье рассматривается динамика развития депозитной операции банков второго уровня. Депозитные счета могут быть самыми разнообразными, в основу их классификации положены такие критерии, как источники вкладов, их целевое назначение, степень доходности. Основное внимание уделено определению критериев, целей и задач.

Ключевые слова: депозит, срочные депозиты, безсрочные депозиты, сберегательный депозит, депозитная база, пруденциальный норматив

ANALYSIS OF THE DYNAMICS OF DEPOSIT OPERATIONS IN SECOND-TIER BANKS

*Ospanova A¹, Musirov G. M.¹, Kaldenova G. S.¹
¹Baishev University*

Abstract

The Deposit market remains one of the most dynamically developing segments of the country's financial market. The higher the demand for credit, the greater the Bank's need to

expand its resource base, including deposits. In order to avoid outflow of deposits, the Bank must maintain its liquidity by ensuring customer confidence. This article discusses the dynamics of the Deposit operation of second-tier banks. Deposit accounts can be very diverse. their classification is based on such criteria as the sources of deposits, their purpose, and the degree of profitability. The main focus is on defining criteria, goals and objectives.

Keywords: *Deposit, term deposits, non-term deposits, savings Deposit, Deposit base, prudential standard*

MPHTI: 06.73.55

*Базарбаева Д.¹, Мусиров Г.М.¹, Калденова Г.С.¹
¹Байшев Университет*

ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІНДЕ ИНТЕРНЕТ ТӨЛЕМДЕРДІҢ ДАМУ ДИНАМИАКСЫН ТАЛДАУ

Аннотация

Қазіргі уақытта ТМД елдері бойынша қашықтықтан банкинг қызметі кеңінен таралуда. Online жүйелер арқылы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу Қазақстанда да танымал бола бастады. Тұтынушылардың көбеюі айқын артықшылықтардың арқасында төлемнің бұл әдісін таңдайды. Ел аумағында жұмыс істейтін банктердің көпшілігі қолма-қол ақшасыз төлемді онлайн-режимге көшіру және күту уақытын бір қадам алға қысқарту идеясын қабылдай отырып, осындай қызметті ұсынып отыр.

Қазақстанда қашықтан қол жеткізу және банк операцияларын бақылау танымалдылығының айтарлықтай өсуі байқалды. Карталардың көмегімен қолма-қол ақшасыз операциялар бойынша жалпы көлем үш есе өсті. Бұл сервистің көмегімен жасалатын интернеттегі транзакцияларға да әсер етті. Ел тұрғындарының өз ақшаларын өз қалауы бойынша пайдалану мүмкіндігі неғұрлым көп болса, қаржы ұйымдары неғұрлым кең мүмкіндіктер ұсынады, мамандар инновациялық идеяларды ойластырады.

Кілт сөздер: *төлем жүйесі, цифрландыру, инновациялар, интернет банкинг, мобильді банкинг, төлем карточкасы*

Қазақстанның тиімді төлем жүйесін құру – Ұлттық банк қызметінің стратегиялық міндеттерінің бірі. Аппараттық және бағдарламалық құралдар кешенін қамтитын күрделі тетікті көрсете отырып, төлем жүйесі халық, шаруашылық жүргізуші субъектілер,

Екінші деңгейдегі банктер және Ұлттық банк арасындағы өзіндік байланыстырушы буын болып табылады.

Төлем жүйесінің рөлі тұтынушы мен тауарлар мен қызметтерді жеткізуші арасында ақшаны уақтылы және тиімді аударуды қамтамасыз ету болып табылады, бұл экономикалық және қаржылық қызмет нәтижесінде қабылданған

міндеттемелердің орындалуын уақтылы аяқтауға ықпал етеді.

Осыған байланысты қаржы нарықтары мен экономиканың банк секторының жұмыс істеу тиімділігі көбінесе елдегі қолданыстағы төлем жүйесіне байланысты.

Қазақстанның егемендігін жариялау, нарықтық қатынастарға көшу және ел экономикасын құрылымдық реформалау мемлекеттің экономикалық және қаржылық тіршілігінің, оның ішінде банк жүйесінің жаңа нысандарын құруға себепші болды.

Төлем нарығы елдің қаржы жүйесінің негізгі сегменттерінің бірі болып табылады. Барлық операциялар және мәмілелер ақша ағындарына қарай өзгереді. Сол себепті төлем сервистерінде барынша тиімді және инновациялық шешімдер көрініс табуға тиіс.

Қазақстанның банкаралық төлем жүйелері көп жылдар бойы қаржы секторының қауіпсіз есеп айырысу тетіктеріне қажеттілікті қамтамасыз ету қабілетін көрсетіп келеді.

Клиенттер үшін цифрлық шешімдерді қолдануға негізделген төлем сервистері белсенді түрде дамуда.

Соңғы жылдары біз интернетті және төлемдер жүргізуге арналған мобильдік шешімдерді қолдануға қатысты зор қызығушылықты байқаймыз.

Төлем қызметтерін дамыту мемлекеттің қаржы жүйесіне тиімді қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді және экономиканың нақты секторын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Соңғы жылдары сектор цифрландыру және инновацияларды енгізу кілтінде дами отырып, белсенді түрде өзгеріп отырады.

Елдің қатардағы азаматтары үшін осындай өзгерістердің қайырымдылық әсері ең алдымен, барлық жерде қолайлы және қарапайым төлем құралдарының қол жетімділігінен көрінеді.

Ағымдағы жылдың қазан айының соңында Қазақстан аумағында айналыста 31,2 млн төлем карточкасы болды — өткен жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 42,9% - ға артық (21,8 млн карточка).

Ағымдағы жылы өсу тарихтағы ең жоғары болып табылады. Соңғы үш жылда айналыстағы төлем карточкаларының саны жылына орташа есеппен 26,8% - ға өсуде. Сонымен қатар, елдегі карточка ұстаушылардың саны рекордтық 55% - ға артты, елдің бір тұрғынына орташа есеппен 27,8 млн. - ға дейін 1,7-ге жуық төлем карточкасы келеді, ал осыдан бес жыл бұрын бір тұрғынға кемінде 1 карта тиесілі болды. Өткен жылдың сәйкес кезеңінде карточка ұстаушылардың саны 18 миллионды құрады.


Бұдан басқа, қолма-қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдарының өсу, төлем сервистерінің сапасын жақсарту және кеңеюінің және жалпы клиенттерге қашықтықтан қызмет көрсету арналарына көшудің үрдісі сақталуда.

2019 жылдың қаңтар-қазан айларында қазақстандық эмитенттердің карталары бойынша жиынтық айналым 24,1 трлн теңгені құрады.

Осы кезеңде транзакциялар саны 1,2 млрд құрады, жылдық өсім екі есе дерлік (94,1% - ға).



Сурет 1. Қазақстан Республикасындағы төлем карточкаларының айналымы, млн. дана
Дерек көзі: интернет-ресурс: Ranking.kz



Сурет 2. Қазақстан Республикасындағы карточка ұстаушыларының саны,
млн. адам

Дерек көзі: интернет-ресурс: Ranking.kz

Бұл ретте, ағымдағы жылдың он айының қорытындысы бойынша төлем карточкаларын пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдарының көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2,2 еседен астам (4,9 трлн теңге) ұлғайып, 10,6 трлн теңгені құрады.


Қолма — қол ақшасыз операциялардың 68% интернет және мобильді банкинг арқылы жүзеге асырылды - 7,1 трлн теңге. Оның 30,7%-ы немесе 3,2 трлн теңге POS-терминалдарға тиесілі.

Банкоматтар мен банктік дүңгіршектер арқылы қолма-қол ақшасыз операциялар көлемі тиісінше 161,4 млрд және 316,3 млн теңгені құрады. Қазақстанда қолма-қол ақшасыз транзакциялар негізінен тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу мақсатында жүргізіледі.

Төлем қызметтері саласының өсуімен бірге Қазақстанда қашықтықтан қызмет көрсету желісі кеңейтілді.


Ағымдағы жылдың қазан айының соңында POS-терминалдардың саны бір жылда 22,5% - ға, 163 мыңға дейін артты; төлем карточкаларын төлеуге қабылдайтын сауда кәсіпорындарының саны 15,8% - ға, 91,1 мыңға дейін өсті. Сондай — ақ, банкоматтар

саны жыл ішінде 4,3% - ға, 11,3 мыңға дейін өсті.



Сурет 3. Қазақстан Республикасындағы қолма-қолсыз төлемдердің көлемі, трлн.тг

Дерек көзі: интернет-ресурс: Ranking.kz



Сурет 4. Операцияларды жүргізу ортасы бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемі

Дерек көзі: интернет-ресурс: Ranking.kz

Төлем қызметтері нарығындағы көрсеткіштердің айтарлықтай өсуі реттеуші және бақылау функцияларын орындау шеңберінде Ұлттық Банктің қызметімен сүйемелденеді.

2019 жылдың тоғыз айында төлем ұйымдарының сервистері арқылы 1,46 трлн теңге сомасына 334 млн төлем өткізілді (Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 36% - ға өсім), бұл жалпы төлем ұйымдарының бизнесті жүргізуінің қолайлы құқықтық және экономикалық шарттары туралы, сондай-ақ олар ұсынатын төлем қызметтеріне үздіксіз сұраныс туралы куәландырады.

Көрсетілетін қызметтер шеңберінде төлем ұйымдары ұялы байланыс операторларының қызметтерін, коммуналдық қызметтерді, салық төлемдерін, медициналық қызметтерді төлеу, қарыздарды өтеу және т. б. бойынша сервис ұсынады.

Төлем ұйымдары 2019 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төлем қызметтерін көрсету үшін 80 мыңнан астам электрондық терминал пайдаланылады.

2020 жылдың ақпан айында интернет-төлемдердің көлемі 388,1 млрд теңгені құрады — қаңтардағыдан 20,5% - ға артық және бір жылдан бірден 2,4 есе артық болды.

Салыстыру үшін: карталар бойынша жасалған қолма — қол ақшасыз төлемдердің жалпы көлемі бір айда 0,9% - ға және бір жылда 92,8% - ға өсті. Осылайша, web-ресурстар арқылы төлемдердің үлесі барлық табыс көлемінің 62,9% — ын құрады, ол бұрын 49,4% - ға қарсы, ал барлығы 7,9% - 2015 жылғы ақпанда.

Интернет-төлемдерді жасау кезіндегі транзакциялар саны 26,8 миллионға жетті — қаңтардағыдан 92,1% - ға артық және бір жыл бұрын 2,3 есе көп. Бұл банк карталары бойынша жасалған барлық қолма-қол ақшасыз транзакциялардың 44,4% - ы.

Айта кету керек, жалпы қолма — қол ақшасыз төлемдер ақшалай төлем карталары бойынша барлық айналымның 36,7% - ын және карталар бойынша жасалған барлық транзакциялардың 72,3% - ын құрайды. Тиісінше, дәл осы интернет-сатып алу және басқа да интернет-төлемдер — Қазақстандағы "пластикалық" белсенділікті дамытудың негізі мен негізгі драйвері.

Банктер шет қалмады және интернет-сауданы дамытуға белсенді түрде кірісті. Әр түрлі тауарларды сатып алуға болатын Онлайн-дүкендерді бүгінгі күні 3 ЕДБ ұсынады: ForteBank, Халық Банкі (ол сіңірілген Qazkom платформасында) және Kaspi Bank. Бұл алаңдарды қосу, олар үшін қолма-қол ақшасыз төлемнің әдеттегі тәсілі ғана емес, сонымен қатар тауарларды бөліп-бөліп және несиеге сатып алу да мүмкін. Өткен жыл банк карталары үшін шешуші болды. Қазақстанда қашықтан қол жеткізу және банк операцияларын бақылау танымалдығының айтарлықтай өсуі байқалды.

Карталардың көмегімен қолма-қол ақшасыз операциялар бойынша жалпы көлемі үш есе өсті. Бұл сервистің көмегімен жасалатын интернеттегі транзакцияларға да қатысты болды. Ел тұрғындарының өз қалауы бойынша өз қаражатын пайдалану мүмкіндіктері неғұрлым көп болса, қаржы ұйымдары неғұрлым кеңірек ұсынады, инновациялық идеяларды мамандар ойластырады.

Банк ісін талдаумен айналысатын мамандардың ең қарапайым есептеулері бойынша 2020-2021 жылдарға қарай қаржылық белсенді азаматтардың басым бөлігі қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға көшуге тырысады және қаржы ұйымдары клиенттерінің жалпы санының жартысынан астамы қашықтың қызмет көрсету жүйесін пайдаланады. Бұл бағыттың жақын арада дамуы мен оның позицияларының нығаюын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Лияс А., Сәулембекова Ә.Қ. Төлем жүйесі: теория және практикасы: Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2017. – 138б.
- 2 www.nationalbank.kz. Ұлттық төлем жүйелері – Национальный Банк Республики Казахстан
- 3 <https://kursiv.kz/news/kompanii-i-rynki/2019-04/obyom-internet-platezhey-v-kazakhstane-vyros-v-24-raza>
- 4 <http://ranking.kz>

*Базарбаева Д.¹, Мусиров Г.М.¹, Калденова Г.С.¹
¹Баишев Университет*

АНАЛИЗ ДИНАМИКИ РАЗВИТИЯ ИНТЕРНЕТ-ПЛАТЕЖЕЙ В ПЛАТЕЖНОЙ СИСТЕМЕ

Аннотация

В настоящее время по странам СНГ широко распространяется услуга дистанционного банкинга. Безналичный расчет посредством Online систем становится популярным и в Казахстане. Все большее количество потребителей выбирает этот способ оплаты благодаря явным преимуществам. Большинство банков, действующих на территории страны, уже предлагают такую услугу, восприняв идеи переноса безналичной оплаты в онлайн-режим и сокращение время ожидания шагом вперед.

В Казахстане был замечен серьезный рост популярности удаленного доступа и контроля над банковскими операциями. Общий объем по безналичным операциям с помощью карт вырос в трехкратном размере. Это же коснулось и транзакций в интернете, которые производятся с помощью сервиса. Чем больше возможностей появляется у жителей страны использовать свои денежные средства по собственному усмотрению, тем шире возможности предлагают финансовые организации, более инновационные идеи продумывают специалисты.

Ключевые слова: *платежная система, цифровизация, инновации, интернет бандинг, мобильді бандинг, платежная карточка*

ANALYSIS OF THE DYNAMICS OF INTERNET PAYMENTS IN THE PAYMENT SYSTEM

Bazarbayeva D¹, Musirov G. M.¹, Kaldenova G. S.¹
¹Baishev University

Abstract

Currently, the remote banking service is widely distributed in the CIS countries. Cashless payment via Online systems is also becoming popular in Kazakhstan. An increasing number of consumers choose this payment method due to its obvious advantages. Most banks operating in the country already offer such a service, taking the idea of transferring non-cash payments to online mode and reducing the waiting time a step forward.

Kazakhstan has seen a significant increase in the popularity of remote access and control over banking operations. The total volume of non-cash transactions using cards has increased threefold. The same applies to transactions on the Internet that are made using the service. The more opportunities there are for residents of the country to use their money at their own discretion, the more opportunities are offered by financial organizations, and the more innovative ideas are thought out by specialists

Keywords: *payment system, digitalization, innovation, Internet banking, mobile banking, payment card*

МРНТИ 06.81.55

*Нұрханқызы Н.,¹
МжЖБ білім бері бағдарламасының
2 курс магистранты
Балгинова К.М.¹
э.ғ.к, аға оқытушы
¹Байшев Университеті*

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ КӘСІПОРЫНДАҒЫ МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТТІҢ МӘНІ

Аннотация

Қазіргі таңда тиімді маркетингтік қызметті дамыту және іске асыру теориясы мен практикасы отандық кәсіпорындар үшін ерекше маңызды болып табылады. Қазіргі уақытта кез-келген өнеркәсіптік кәсіпорын отандық және халықаралық тауар нарығында елеулі қаржылық проблемаларға және қатал бәсекелестік ортаға тап болады. Бұл мақалада кәсіпорындағы маркетингтік қызметтің мәні, маркетинг жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері қарастырылған.

Кілт сөздер: *маркетинг, маркетингтік қызмет, зерттеу, тауар өндірісін ұйымдастыру, функция.*

Классикалық мағынада маркетинг - бұл, ең алдымен, тауарлар мен қызметтерді өндірушіден тұтынушыға жылжытумен байланысты кәсіпкерлік қызмет. Экономика саласындағы қазіргі заманғы мамандар оны кең мағынада - бәсекелестік жағдайында

фирманың (кәсіпорынның) стратегиясы мен тактикасын анықтайтын бизнес философиясы ретінде қарастырады. Кәсіпорынның өнімді өндірумен және қызмет көрсетумен тікелей байланысты өндірістік қызметі қолма-қол өндірістік ресурстарды ұтымды пайдалануды, өндіріс шығындарын үнемі төмендетуді және нарық талаптарын қанағаттандыратын өнім шығаруды қамтамасыз ететіндей етіп құрылуы керек. Бұған өндірісті тиісті ұйымдастыру, технология мен жабдықты таңдау, өндіріс орындарын оңтайлы пайдалану арқылы қол жеткізіледі.

Қаржы - экономикалық қызмет дегеніміз-белгілі бір тауарлар өндірісін дамытудың немесе қысқа, орта және ұзақ мерзімді уақыт кезеңдерінде қызмет көрсетудің табыстылығының экономикалық негіздемесі, енгізілген өнімдер мен жабдықтардың экономикалық тиімділігін есептеу, сондай - ақ жоғары рентабельділікті қамтамасыз ету үшін өндірістік бөлімшелер арасында шикізатты, материалдар мен жабдықтарды ұтымды бөлу., Жұмыстың үздіксіздігі және жоғары сапалы өнім шығару.

Маркетингтік қызмет кәсіпорынның өндірістік, қаржылық, сауда, өткізу, кадрлық қызметін нарықтағы тұтынушылардың талаптарына өзгертін экономикалық жағдайға (кірістер, бағалар, конъюнктура) икемді бейімдеуді қамтамасыз етеді. Нарықтық экономикаға көшу жағдайында маркетингтік қызмет-бұл басқа қызметтермен бірге нарықтық сұраныстарды қанағаттандыруға және осы негізде пайда табуға бағытталған біртұтас интеграцияланған процесті құратын кәсіпорынды басқарудағы маңызды буын.

Қазіргі заманғы кәсіпорындағы маркетингтік қызметтің мәні тауарлар мен қызметтерге Тапсырыс берушілермен, дистрибьюторлық, маркетингтік және логистикалық орталықтармен, материалдық ресурстар мен қызметтерді жеткізушілермен шаруашылық байланыстар; бұқаралық ақпарат құралдарымен, атқарушы билік органдарымен қоғамдық байланыстар; компанияның бөлімшелерімен және қызметтерімен ішкі корпоративтік басқару қатынастары болып табылады.

Маркетинг қызметін, әдетте, кәсіпорын директорының маркетинг (коммерциялық жұмыс) жөніндегі орынбасары немесе маркетинг директоры басқарады. Ол белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған зерттеулерді ұйымдастыруға, маркетингтік іс-шаралардың орындалуын бақылауға жауап береді. Қызметкерлердің барлық жиынтығының міндеттері Бөлімнің функцияларын толығымен қамтуы керек. Маркетингтік қызметке нарықтарды зерттеу, өнім ассортиментін қалыптастыру, баға, сату, жарнама және т. б. мамандар кіруі керек.

Зерттеу жұмыстарын орындау үшін осы мәселелер бойынша мамандандырылған ғылыми-зерттеу орталықтарының сарапшылары да тартылуы мүмкін. Қажет лауазымдық нұсқауларды жүзеге асыру көзделді дербестік және жауапкершілік жұмыс. Өнімнің ерекшелігімен, нарықтардың санымен және кәсіпорынның маркетингтік қызметінің көлемімен анықталатын маркетингтік қызметтің ұйымдастырушылық құрылымы функционалды, бөлу немесе матрицалық тәсілдерге негізделген. Функционалды маркетинг қызметінің басқа бөлімшелермен үйлестірудегі негізгі функцияларын орындау үшін оның тұрақты құрылымына бағытталған, бөлім

қызметтің жекелеген бағыттарын анықтайды, матрицалық нақты жобаларды, бағдарламаларды, тапсырмаларды әзірлеу үшін белгілі бір уақыт кезеңдерінде қалыптасатын икемді ұйымдастырушылық құрылымдарды құруды қамтиды.

Дәстүрлі функционалды құрылым маркетингтік қызметтің жекелеген функцияларына бағытталған. Мұндай бөлімдердегі қатынас “басшылық –бағыну” сияқты тік тік қатынастарға негізделген. Бұл құрылым ең кең таралған және қарапайым. Маркетинг жөніндегі вице - президенттің қарамағында келесі функцияларды жүзеге асыратын аппарат бар: нарықты зерттеу, Жаңа тауарлар өндірісін жоспарлау, жаңа тауарларды жарнамалау және сату, Қызмет көрсету және т. б.

Өндірістік бағдарлама көптеген түрлі өнімдерден тұрса және оны кәсіпорынның жеке бөлімшелері дербес жүзеге асырса, бөлу құрылымы қолданылады. Шын мәнінде, тауарлық немесе нарықтық бағыттар кешені құрылады. Артықшылығы-барлық тауарларды қамту, нарықтағы өзгерістерге кешенді жауап беру, үйлестіру мүмкіндігі және т.б. кемшіліктер - жоғары шығындар, Штаттардың өсуі, басқарудың күрделілігі. Мамандар матрицалық құрылымды жаңа міндеттер жағдайында ең икемді, Ішкі қайта құруға қабілетті деп санайды, бұл оның құрылысы мен жұмыс істеуінің бірқатар ерекшеліктеріне байланысты, өйткені ол екі құрылымнан тұрады: Функционалды және жобалық: тұрақты функционалды бөлімдермен қатар нақты мәселелерді шешу үшін құрылған уақытша жобалық топтар бар (жұмысқа тиісті функционалды бөлімдердің мамандары тартылуы мүмкін). Басқару бөлімдерінің өзара әрекеттесуі дәстүрлі “көшбасшылық-бағыну” байланысына негізделген көлденең және диагональды байланыстың жаңа желілерін тудырады. Осыдан оның атауы пайда болды-матрицалық.

Нарықты оның дамуын анықтайтын объективті факторларды анықтау арқылы зерттей отырып, маркетингтік қызмет қысқа, орта және ұзақ мерзімді жоспарлаудың маңызды алғышарттарын жасайды. Оның өндіріске белсенді әсері ҒЗТҚЖ-мен және технологиялық процестерді жетілдірумен байланысты жаңа өнімдер шығаруды дайындауда зерттеу тақырыптарын таңдауға әсер етуден басталады.

Бұл әсер жаңа өнімді игеру сатысында жалғасуда және қызметкерлер оны өндірудің кезеңдері мен мерзімдерін анықтауға қатысатындығында көрінеді. Бұл қызмет ғылыми-зерттеу, тәжірибелік - конструкторлық және басқа да бөлімдерді өз жаңалықтарын жоғалтпай, нарыққа шығуы үшін әзірлемелерді уақтылы бастауға және жаңа өнім өндірісін дайындауға бағыттайды. Бұл нарықта жаңа өнімдердің пайда болу сәті, ол кәсіпорынның экономикалық жетістіктерін анықтайды, оған монополиялық пайда алуға мүмкіндік береді.

Өндірісті нарыққа қажетті өнім шығаруға бағыттай отырып, маркетингтік қызмет сұранысты қанағаттандыруда олқылықтардың алдын алуға көмектеседі және сатылымсыз өнім өндірумен байланысты шығындардың алдын алады.

Тауарлар тұтынушылық (күнделікті сұраныс, алдын-ала таңдау, ерекше сұраныс) және өнеркәсіптік (шикізат, құрылыс, негізгі және қосалқы жабдықтар) болып бөлінетіні белгілі. Осы жіктеуге сәйкес оларды жүзеге асырудың әртүрлі

тәсілдері қажет.

Сонымен, күнделікті тауарларды сату арнайы сұранысқа ие тауарларға қарағанда басқаша ұйымдастырылуы керек. Бірінші жағдайда, тәжірибе көрсеткендей, олардың жалпыға бірдей қол жетімділігін қамтамасыз ету және тиісті имиджді құру қажет. Алдын ала таңдалған тауарлардың тартымдылығының негізгі факторы баға мен сапа болып табылады, ал арнайы сұранысқа ие тауарларды сату негізінен жарнамаға байланысты. Маркетингтік қызметтің бірінші және тұрақты міндеті кәсіпкерлік климатты оның даму серпінінде қадағалау, яғни қоршаған ортаның даму үрдістері мен сипаты бизнесті жүргізуге қолайлы ма немесе кәсіпорын қызметіне қауіп төндіре ме. Кәсіпкерлік климатты талдау негізгі өзара байланысты факторларды ескере отырып жүргізіледі:

- әлеуметтік-халықтың құрылымы, қоғамның моральдық-эстетикалық құндылықтары, қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынасы, бәсекелестік және т. б.;

- экономикалық-ЖҰӨ, қолда бар өнім, дискрециялық кіріс;

- ғылыми-техникалық-ғылыми-техникалық прогрестің деңгейі және оған нарықтың сезімталдығы;

- нормативтік-құқықтық-заңнама, Нормативтік актілер. Егер кәсіпкерлік климат компанияға таңдалған бизнес саласында сәтті жұмыс істеуге мүмкіндік берсе, онда маркетингтік қызметтің қызметі кәсіпорын жұмыс істейтін немесе жұмыс істейтін өнім нарығына бағытталуы керек. Кәсіпорынның өз өнімдерімен нарыққа шығуы жөніндегі саясаттың негізгі бағыттарын анықтай отырып, келесі нұсқаларды ескеру қажет:

- нарықтағы үлестің өсуі;

- бұрын белгіленген үлесті сақтау;

- үлесті азайту. Осы немесе басқа бағытты таңдау көптеген мәселелерді шешуге, ең алдымен бәсекеге қабілетті өнім шығаратын кәсіпорынның ішкі мүмкіндіктеріне байланысты.

Бірақ өзінің мүмкіндіктерін анықтауға көшу үшін шаруашылық жүргізуші субъект оған деген сұраныстың қалай қалыптасатынын, бағаның өзгеруіне байланысты оның икемділігі қандай болатынын және серпімділік кәсіпорынның кірісіне қалай әсер ететінін, сондай-ақ ұсыныстың қандай болатынын білуі керек.

Біріншіден, маркетинг кәсіпорынды (фирманы) басқаруда ойлаудың жаңа тәсілін жасайды. Ол ойлау жүйесі ретінде қалыптасады, яғни нақты мақсаттарды оларға қол жеткізудің нақты мүмкіндіктеріне оңтайлы бейімдеуге, туындайтын мәселелерді жүйелі түрде шешуге бағытталған ақыл-ой көзқарастарының кешені. Бұл нарықтық талаптарды ескере отырып, қолма-қол ресурстарды және кәсіпорынның (фирманың) барлық әлеуетін оңтайлы пайдалану әрекеті. Ойлау бейнесіндегі өзгерістер маркетингтік тұжырымдамалардың оның дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі эволюциясын нақты көрсетеді.

Екіншіден, маркетинг кәсіпорынның нарықтағы іс-әрекетінің жаңа бейнесін жасайды. Кәсіпорынның (фирманың) нарықтық қызметінің оның принциптерін, әдістерін, құралдарын, функциялары мен ұйымдастырылуын ашатын тұтас әдіснамасы

калыптасады. Тауарларды жылжыту жүйесі қалыптасады және дамиды, онда әртүрлі тәсілдердің бай жиынтығы қолданылады: тауар функцияларын жетілдіру, тұтынушыға әсер ету, икемді баға саясаты, жарнама, өнімді бөлу арналарының тиімділігі және т. б. Осылайша, кәсіпорындағы маркетингтік қызмет маңызды рөл атқарады, өйткені ол кәсіпорынның барлық маркетингтік қызметін “басқару орталығы” болып табылады.

Компания барлық маркетингтік жұмыстарды, соның ішінде жоспарлауды өз мойнына алатын маркетингтік қызметтің осындай құрылымын жасауы керек. Егер компания өте кішкентай болса, барлық маркетингтік міндеттер бір адамға жүктелуі мүмкін. Оған маркетингтік зерттеулермен, сатуды ұйымдастырумен, жарнамамен, клиенттерге қызмет көрсету қызметімен және т.б. айналысу тапсырылады. Егер компания үлкен болса, онда әдетте бірнеше маркетинг мамандары жұмыс істейді. Сонымен, «Элен Кертис» компаниясының штатында сату қызметін басқаратын сатушылар, маркетинг зерттеушілері, қарапайым және маркалы тауарлардың өндірісін басқаратын, нарық сегменттерін басқаратын және клиенттерге қызмет көрсету қызметкерлері бар. Барлық маркетингтік функцияларды маркетинг бөлімі басқарады. Бүгінгі таңда маркетинг бөлімдері әртүрлі негізде ұйымдастырылуы мүмкін. Әрбір компания өзінің маркетингтік мақсаттарына қол жеткізуге жақсы ықпал ететіндей есеппен маркетинг бөлімін жасайды. Функционалды ұйым. Ең көп таралған схема-маркетингтік қызметті функционалды ұйымдастыру.

Бұл жағдайда маркетинг мамандары маркетингтік қызметтің әртүрлі түрлерін (функцияларын) басқарады. Олар өз жұмысын үйлестіретін маркетинг жөніндегі вице-президентке бағынады. Функционалды ұйымдастырудың басты артықшылығы-басқарудың қарапайымдылығы. Екінші жағынан, өнімнің ассортименті мен фирманың нарықтары өскен сайын, бұл схема өзінің тиімділігін жоғалтады.

